



"Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 мамырда № 20744 болып тіркелді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік көрсетілетін көрсету қағидалары;

3) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін көрсету қағидалары;

4) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мектепке дейінгі және орта білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

А. Аймағамбетов

Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 27 мамыр
№ 223 бұйрығына
1-қосымша

"Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы (бұдан әрі – Қағида)

1. Жалпы ережелер

1. "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және оны қалыптастыру тәртібін анықтайды.

2. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) проактивті көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және/немесе www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтініш береді.

Көрсетілетін қызмет процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны және нәтижесі енгізілген мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері ескерілген басқа мәліметтер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету" жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет негізгі талаптарының тізбесінде берілген.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүгінген кезде тіркеуші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Балаларды консультацияға алдын ала жазу журналына психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру күнін тағайындайды және көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес құжаттар пакетін психологиялық-медициналық-педагогикалық тексерудің белгіленген күні ұсынады.

Телефон арқылы және (немесе) көрсетілетін қызметті алушы тікелей жүгінген кезде алдын ала жазылу көзделген.

6. "Электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы "Отбасы" бөлімінде электрондық мемлекеттік қызметті таңдауды, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруды және құжаттар топтамасын бекітуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салуын өңдеуді (тексеруді, тіркеуді) жүзеге асырады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық сұрау салудың мәртебесі және мемлекеттік қызмет көрсету күні туралы хабарлама жібереді.

7. Мемлекеттік қызметті алу үшін кезекте күту уақыты отыз күнтізбелік күнге дейін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

7-1. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет проактивті тәсілмен, қызметті берушінің бастамасымен көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірі www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталында тіркеген кезде көрсетілетін қызметті берушінің және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы, проактивті жолмен көрсетілуі мүмкін және оған:

1) көрсетілетін қызметті алушыға мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраным жасалған автоматты хабарлама жіберу;

2) проактивті қызметті көрсетуге көрсетілетін қызметті алушының келісімін алу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан өзге де қажетті, оның ішінде шектеулі қолжетімді мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының көмегімен алу енеді.

Көрсетілетін қызметті алушыдан жауапты күту мерзімі сұрау салуды алған сәттен бастап жиырма төрт сағатты құрайды.

Қабылдауға eGov Mobile қосымшасындағы Bilim сервисі арқылы көрсетілетін қызметті алушы жазылады. Сәтті жазылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға қабылдаудан бір күн бұрын және қабылдау күні еске салумен күні расталған смс-хабарлама жіберіледі.

Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттардың толық емес тізбесін және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жібереді.

9. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде тіркеуші көрсетілетін қызметті алушы келген кезде белгіленген күні көрсетілетін қызметті алушының деректерін осы Қағидаларға 5-қосымшаға

сәйкес ПМПК-да Балаларды тексеруді есепке алу журналына енгізеді, құжаттар топтамасын мамандарға береді.

10. Құжаттар топтамасын алғаннан кейін мамандар ата-анасының (заңды өкілдерінің) қатысуымен баланы психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеруді және қызмет берушінің мамандарымен кеңес беруді жүргізеді.

11. Психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеруден кейін көрсетілетін қызметті берушінің мамандары ұсынылған білім беру, медициналық және әлеуметтік қызметтер, білім беру бағдарламасының түрі көрсетілген жазбаша қорытындыны әзірлейді, мәліметтер "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесіндегі ПМПК модуліне енгізіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жазбаша қорытындыға көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қояды және көрсетілетін қызметті алушыға тексерілген күні беріледі және/немесе көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі жұмыс күні ішінде электрондық құжат нысанында жібереді.

13. Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингісінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарына көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

14. Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін орталық мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың,

ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым әкімшілік органға, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға берілуі мүмкін.

Әкімшілік орган, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік актіні қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекетті жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

медициналық-педагогикалық
тексеру және оларға
консультациялық
көмек көрсету" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет қағида
1-қосымша

Балаларды консультацияға алдын ала жазу журналы

Тексеру күні Дата обследования	Тексеру уақыты Время обследования	Баланың ТАӘ (ол болған жағдайда) ФИО ребенка(при его наличии)	Баланың ЖСН ИИН ребенка	Жасы Возраст	ПМ себе Осн в ПМ
-----------------------------------	--------------------------------------	--	-------------------------------	-----------------	---------------------------

"Мүмкіндіктері шектеулі
балаларды психологиялық-
медициналық-педагогикалық
тексеру және оларға
консультациялық көмек
көрсету" мемлекеттік
қызмет көрсетудің негізгі
талаптардың тізбесі
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің
28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық
мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі талаптарының тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Психологиялық-медициналық консультация
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	психологиялық-медициналық консультация; "электрондық үкімет" веб-порталы; www.egov.kz-те байланысының абоненттік қызметі
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті алу уақыты отыз күнтізбелік күн; Көрсетілетін қызметті беруші психологиялық-медициналық тексеру күні жүгінген күні бұған Портал, сонымен қатар жүгінген кезде психологиялық- педагогикалық тексеру күні ішінде тағайындалады. Құжаттар топтамасын тапсыру рұқсат етілген ең ұзақ уақыт минутан аспайды. Көрсетілетін қызметті көрсетудің рұқсат етілген ең (он бес) минуттан аспайды.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны	Электрондық (ішінара ағарту)

		Қағаз/проактивті түрінде
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі Қағидаларға 6-қосымшаға немесе 4-қосымшаға сәйкес қызметті көрсетуден бас тарту жауап. Порталда мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметтің "жеке кабинетіне" электрондық нысанында жолданады және Проактивті түрде мемлекеттік қызмет нәтижесі медициналық-педагогикалық қорытындысының дайын болуы Mobile қосымшасының сақталатыны туралы хабарланады.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет, проактивті түрде жеке көрсетіледі.
7.	Жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндеріне сәйкес дүйсенбі – жұма аралығында қызметті берушінің белгілеген мерзімі бойынша сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін үзіліспен сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін. Порталдың www.edu.gov.kz сайтында байланыстың абоненттік қызметінің жұмыс кестесі – жөнделген жүргізуге байланысты техниктік қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғанға дейін) демалыс және мереке күндеріне сәйкес жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасындағы мерзімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәйкес өтініштер қабылдау қызметі көрсетілетін қызмет нәтижесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Телефон және/немесе көрсетілетін қызметті алушының тікелей жүгінуі жазылу қарастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің ресурсында; 2) www.egov.kz порталында

8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қызмет алушыдан алынатын қажетті құжаттар тізбесі және мәліметтер	Көрсетілетін қызметті алушыдан қызметті берушіге: 1) баланың туу туралы куәлігі, құжаттар сервисінен электрондық басын сәйкестендіру үшін қажетті; 2) мүгедектігі туралы қорытынды; 3) денсаулығына байланысты қажеттілігі туралы медициналық консультациялық комиссияның (үйде оқитын балалар үшін) қорытындысы. Қажет болған жағдайда, көрсетілген беруші тереңінен тексеру жүргізіп, құжаттарды қосымша сұрату: 1) "Денсаулық сақтау саласындағы құжаттамасының нысандары" Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық қатынастар министрі міндетін атқарушының 30 қазандағы № ҚД-10-01/2018 бұйрығымен (Нормативтік актінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) бекітілген медициналық нақты нысаны; 2) білім беру ұйымына педагогикалық мінездеме; 3) оқыту тілі бойынша, мақалалар, жұмыстары, суреттері және да нәтижелері. 1), 2) құжаттар түпнұсқада және ұсынылады, салыстырылған көрсетілетін қызметті алушы. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде: 1) "АХАЖ тіркеу пунктінде жүйесінде (бұдан әрі – АХАЖ) болмаған жағдайда Республикасынан тыс жерде баланың туу туралы куәлігі; 2) мүгедектігі туралы қорытынды; 3) денсаулығына байланысты қажеттілігі туралы медициналық консультациялық комиссияның (үйде оқитын балалардың сәйкестендіру үшін) (бар болса). Қажет болған жағдайда, көрсетілген беруші тереңінен тексеру жүргізіп, құжаттарды қосымша сұрату: 1) "Денсаулық сақтау саласындағы құжаттамасының нысандары" Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық қатынастар министрінің м.а. бұйрығымен
----	---	---

		құқықтық актілерді ме тізілімінде № 21579 болып т 052/е нысанды "Амбулато медициналық картасы"; 2) білім беру ұйымына педагогикалық мінездеме; 3) оқыту тілі бойынша, ма жұмыстары, суреттері және да нәтижелері. Резидент болып табылмайты көрсетілетін қызметті беруш 1) баланың жеке басын куә (жеке басын сәйкестендіру ү 2) ата-анасының бірінің (за басын куәландыратын құ сәйкестендіру үшін қажет); 3) мүгедектігі туралы қорыт 4) денсаулығына байланы қажеттілігі туралы консультациялық комиссия (үйде оқитын балалардың с үшін) (бар болса). 1), 2) және 3) тармақша түпнұсқада және көшірме т салыстырылған соң түпн қызметті алушыға қайтарыл Көрсетілетін қызметті алу жүтінген кезде: 1) баланың жеке басын құжаттың электронды көшір 2) ата-анасының бірінің (за басын куәландыратын құж көшірмесі; 3) мүгедектігі туралы электронды көшірмесі (бар б 4) денсаулығына байланы қажеттілігі туралы консультациялық комиссия электронды көшірмесі балалардың статистикалық болса). Қажет болған жағдайда, кө беруші тереңінен тексеру құжаттарды қосымша сұрат 1) "Денсаулық сақтау салас құжаттамасының нысандар Қазақстан Республикасы министрінің м.а. бұйрығ құқықтық актілерді ме тізілімінде № 21579 болып т 052/е нысанды "Амбулато
--	--	--

		медициналық картасы"; 2) білім беру ұйымына педагогикалық мінездеме; 3) оқыту тілі бойынша, мажараш жұмыстары, суреттері және да нәтижелері. Баланың туу туралы куәгер туралы мәліметтерді консультациялық комиссия көрсетілетін қызметті мемлекеттік ақпараттық жүйесі Көрсетілетін қызметті ақпараттық жүйелерден құжаттарды талап етуге жол Көрсетілген қызметті беру қызметтерді көрсету кезеңі жүйелердегі заңмен қорғал қатарына кіретін мәлімет көрсетілетін қызметтерді алу егер Қазақстан Республика өзгеше көзделмесе, алады.
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алушы қызметті алушы ұсынған (немесе) ондағы деректердің дұрыс еместігі анықталған жағдай 2) көрсетілетін қызметті (немесе) ұсынылған объектілердің, деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мәліметтердің, Қазақстан нормативтік құқықтық актілер талаптардың сәйкес келмеуі 3) көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетілетін, "Дербес деректер жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы заңына сәйкес берілетін деректер шектеулі дербес деректер келісімі болмауы бойынша қызметтерді көрсетуден бас тарту
10.	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы қызмет көрсету тәртібі және ақпаратты мемлекеттік мәселесі бойынша бірінші деңгей орталығы, сонымен қатар тіркелген ұялы байланыс құрылғысы арқылы алу мүмкін Көрсетілетін қызметті беру қызметті көрсету мәселесі ақпараттық қызметінің байланысы Министрліктің www. edu.kz

		ресурсында "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша Бірыңғай байланыс нөмірі 080-7777, 1414. Көрсетілетін қызметті алу үшін цифрлы қолтаңбасы (бұдан әрі - ЦҚ) жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электронды түрде мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтің тәртібі мен мәртебесі туралы қашықтықтан қол жеткізілетін порталдағы "жеке кабинет" арқылы қызметті берушінің анықтама берген соңдай-ақ 1414, 8-800-000-1414 байланыс орталығы арқылы мүмкіндігі бар. Порталдағы "жеке кабинет" арқылы мәліметтер сұратылып, олардың келісімі болған жағдайда порталдағы хабарламаға жолдану реттік парольді беру жолымен мәтіндік хабарламаны субъектінің порталда байланыстың абоненттік қызметі үшінші тұлғалардың электронды
--	--	---

"Мүмкіндіктері шектелген" балаларды психологиялық медициналық-педагогикалық тексеру және олардың консультациялық көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қажетті 3-қосымша

Білім беру ұйымының атауы _____

Құжаттарды қабылдау туралы хабарлама

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Құрметті _____ Сіздің құжаттарыңыз қабылданды.

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Сізге 20__ жылғы "___" _____ тексеруден өту қажеттігін еске саламыз.

Тексеру түрі: _____

бастапқы/қайталама

Өткізу орны: _____

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация атауы

Ұйым мекенжайы: _____

Телефон: _____

Құжаттарды қабылдаған күн: _____

Құжатты қабылдаушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____.

"Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психология медициналық-педагогикалық консультациялық көрсету және оларға мемлекеттік қолдау көрсетудің негізгі талаптардың тізбесі 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

(Көрсетілетін қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызмет алушының мекенжайы)

Білім беру ұйымының атауы, мекенжайы

ТАӘ: _____ ЖСН: _____ Мекенжай: _____

Құжатты қабылдаудан бас тарту туралы ХАБАРЛАМА

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармақшасын басшылыққа ала отырып, (Көрсетілетін қызметті беруші ұйымының атауы)

бас тарту себебі байланысты мемлекеттік қызмет көрсету

тізбесіне сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету (Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы) үшін құжаттар қабылдаудан бас тартады.

Орынд.: Тегі, аты, әкесінің аты

Тел.:

Күні:

"Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психология медициналық-педагогикалық консультациялық көрсету және оларға мемлекеттік қолдау көрсетудің негізгі талаптардың тізбесі 4-қосымша

тексеру және олар
консультациялық кө
көрсету" мемлекетт
көрсетілетін қызмет қағи
5-қосымша

ПМПК-да балаларды тексеруді есепке алу журналы

№	Баланың ТАӘ (ол болған жағдайда) ФИО ребенка (при его наличии)	Туылған күні Дата рождения	Тексерілген күні Дата обследования	Бастапқы Диагнозы Предварительны й диагноз	Мекенжайы Домашний адрес	ПМПК қорытындысы Заключение ПМПК
---	---	-------------------------------	--	---	-----------------------------	---

"Мүмкіндіктері шек
балаларды психологи
медициналық-педагог
тексеру және олар
консультациялық к
көрсету" мемлекет
көрсетілетін қызмет қағ
6-қосымша

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысы

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

мекенжайы _____

Телефон _____

_____ берілді

баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ол " ____ " _____ 20 ____ жылы тексеруден өтті.

1. Қорытынды _____

2. Білім беру бағдарламасы және ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар: _____

Қорытынды _____ дейін жарамды

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация басшысы

Мамандар _____

_____.

Қазақстан Республик
Білім және ғылым минис
2020 жылғы 27 мамыр
№ 223 бұйрығына
2-қосымша

"Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және оны ұсыну тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғым пайдаланылады:

1) проактивті қызмет-көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін мемлекеттік қызмет.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, аутизмі (аутистік спектр бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталықтары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және/немесе "электрондық үкімет" www.egov.kz. веб-порталы арқылы жүгінеді.

Қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

Құжаттарды тікелей көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдайды және тіркейді және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді.

Телефон арқылы және/немесе көрсетілетін қызметті алушы тікелей жүгінген кезде алдын ала жазылу көзделген.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы "Отбасы" бөлімінде электрондық мемлекеттік қызметті таңдауды, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруды және құжаттар топтамасын бекітуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салуын өңдеуді (тексеруді, тіркеуді) жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдау туралы хабарламаны жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

6. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттардың толық емес тізбесін және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

7. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қарайды. Басшы құжаттарды қарағаннан кейін баланы психологиялық-педагогикалық қолдау мен оңалтуды ұйымдастыру үшін мамандарға береді.

8. Көрсетілетін қызметті беруші психологиялық-педагогикалық қолдау және оңалту курсы жүргізеді. Психологиялық-педагогикалық қолдау және оңалту курсы 90 күннен 365 күнге дейінгі аралықты құрайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Курс аяқталғаннан кейін оңалту орталықтарында, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандардың командалық бағалауы негізінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау және оңалту курсының нәтижелері туралы қорытындымен анықтама, аутизмі (аутистік спектр бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталықтарында осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптасқан дағдыларды бекіту және үйде жаңа дағдыларды қалыптастыру үшін ата-аналарға (заңды өкілдерге) ұсыныстары бар анықтама беріледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Психологиялық-педагогикалық қолдау және оңалту курсының нәтижелері туралы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтамаға, қалыптасқан дағдыларды бекіту және үйде жаңа дағдыларды қалыптастыру үшін осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) берілетін ұсыныстары бар анықтамаға көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қояды және көрсетілетін қызметті алушыға психологиялық-педагогикалық қолдау және оңалту курсы аяқталған күні беріледі және/немесе көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" екі жұмыс күні ішінде электрондық құжат нысанында жібереді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингісінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-1. Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталында көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін тіркеу кезінде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы проактивті тәсілмен көрсетілуі және оның ішінде:

1) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салумен көрсетілетін қызметті алушыға Автоматты хабарламалар жіберуді;

2) көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан өзге де қажетті мәліметтерді, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы алуға құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушыдан жауапты күту мерзімі сұрау салуды алған сәттен бастап жиырма төрт сағатты құрайды.

Ескерту. Қағида 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарына көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін орталық мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым әкімшілік органға, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға берілуі мүмкін.

Әкімшілік орган, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік актіні қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекетті жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

"Дамуында проблемалар бар балалар мен жасөспірімдер оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі талаптардың тізбесі
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік қызмет талаптардың тізбесі		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Психологиялық-педагогикал

		кабинеттері, оңалту орталықтары (аутистік спектр бұзылыстары) қолдау орталықтары
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қолжеткізу арналары)	психологиялық-педагогикалық кабинеттері, оңалту орталықтары (аутистік спектр бұзылыстары) қолдау орталықтары; "электрондық үкіметтің" арналары: www.egov.kz ; www.egov.kz -те тіркелген ұжымдардың абоненттік құрылғысы арқылы
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) қызмет көрсету мерзімі кезінде күннен 365 күнтізбелік күннен; 2) құжаттар топтамасын тапсыруға рұқсат етілген ең ұзақ уақыт 15 минуттан аспайды; 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген уақыты – 15 (он бес) минуттан
4.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны	Электрондық (ішінара автотүрде) Қағаз түрінде/проактивті түрде
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Психологиялық-педагогикалық кабинеттері, оңалту орталықтары Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бойынша анықтама; аутисті (аутистік спектр бұзылыстары) балаларды қолдау орталықтары дағдыларды бекіту және дағдыларды қалыптастыруға Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес бойынша ата-аналарға (аутисті) ұсыныстары бар анықтама; мемлекеттік қызметті көрсету туралы дәлелді жауап. Порталда мемлекеттік қызметтің нәтижесі электрондық көрсетілетін қызметтің кабинетіне" жолданады және Проактивті түрде мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесі анықтамалар және eGov Mobile қосымша сервисінде сақталатыны болып табылады.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет, проактивті түрде жеке көрсетіледі.
7.	Жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметтің Республикасының Еңбек демалыс және мереке күндері

		дүйсенбіден бастап жұманы 13:00-ден 14:30-ға дейінгі т 9:00-ден 18:30-ға дейін ж Өтініш қабылдау және нәт 13:00-ден 14:30-ға дейінгі т 9:00-ден 18:30-ға дейін жүзе Телефон және/немесе көр алушының тікелей жүгінуі жазылу Портал/www.edu.gov.kz-те байланыстың абоненттік құ жөндеу жұмыстарын жүр техникалық үзілістерді қосп (көрсетілетін қызметті алу аяқталғаннан кейін, дема күндері өтініш жасаған ж Республикасының еңбек з "Қазақстан Республикасы туралы" Қазақстан Республ 5-бабына сәйкес өтініште мемлекеттік көрсетілетін беру келесі жұмыс күні жүз Мемлекеттік қызмет көрс мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті б ресурсында; 2) www.egov.kz порталында
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қызмет алушыдан алынатын қажетті құжаттар тізбесі және мәліметтер	Көрсетілетін қызметті а қызметті берушіге жүгінген 1) баланың ата-анасының еркін нысандағы өтініші; 2) психология педагогикалық қорытындысы. Көрсетілетін қызметті алу жүгінген кезде: 1) баланың ата-анасының еркін нысандағы өтініші; 2) психология педагогикалық қорытындысы. Резидент болып табылмайты көрсетілетін қызметті ал қызметті берушіге жүгінген 1) баланың ата-анасының еркін нысандағы өтініші; 2) баланың жеке басын куә (жеке басын сәйкестендіру ү 3) ата-анасының бірінің (за басын куәландыратын құж сәйкестендіру үшін қажет);

		4) психология педагогикалық консультация Көрсетілетін қызметті алу жүгінген кезде: 1) баланың ата-анасының еркін нысандағы өтініші; 2) баланың жеке басы құжатының электронды көшірмесі; 3) ата-анасының бірінің (заңды өкілінің) басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; 4) психология педагогикалық консультация Көрсетілетін қызметті ақпараттық жүйелерден құжаттарды талап етуге жоғарыдағы Қазақстан Республикасының заңдарына өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет орталығы ақпараттық жүйелерде қолданылатын құжаттарды қорғалатын құпияны құрамына алмай пайдалануға көрсетілетін қызметтің келісімін алады.
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алушы ұсынған қызметті алушы ұсынған (немесе) ондағы деректердің дұрыс еместігі анықталған жағдай; 2) көрсетілетін қызметті (немесе) ұсынылған объектілердің, деректер мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартуға негіз болуы мәліметтердің, Қазақстан Республикасының заңдарында нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптардың сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетілетін, "Дербес деректер жөніндегі заң" туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілетін деректерге қатысты шектеулі дербес деректер болмауы бойынша қызметтерді көрсетуден бас тарту.
10.	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының қызмет көрсету тәртібі және ақпаратты мемлекеттік қызметтің мәселесі бойынша бірінші деңгейдегі орталығы, сонымен қатар тіркелген ұялы байланыс құрылғысы арқылы алу мүмкін. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мәселесі бойынша

		ақпараттық қызметінің байл Министрліктің www.edu.kz ресурсында "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде Мемлекеттік қызмет кө бойынша Бірыңғай байланыс 080-7777, 1414. Көрсетілетін алушының ЭЦҚ болған жағдайда көрсетілетін қызметті электрондық нысанда алу Көрсетілетін қызметті алу қызметті көрсету тәртібі ме ақпаратты қашықтықтан режимінде порталдағы көрсетілетін қызметті беру қызметтері, сондай-ақ 1414 бірыңғай байланыс орталығы мүмкіндігі бар. Порталдағы ұсынылған мәліметтер сұрау тұлғаның келісімі болған жағдайда порталдағы хабарламаға жеткізу реттік парольді беру жолы мәтіндік хабарламаны субъектінің порталда байланыстың абоненттік үшінші тұлғалардың электр
--	--	---

"Дамуында проблем
бар балалар мен жасөспірімдер
оңалту және әлеуметтік
бейімдеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет қан
2-қосымша

Білім беру ұйымының атауы

Құжаттарды қабылдау туралы хабарлама

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Құрметті _____ Сіздің құжаттарыңыз қабылданды.

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Сізге психологиялық-педагогикалық қолдау курсын алу үшін балаңызбен мына мекенжай бойынша келу қажеттілігі туралы еске саламыз:

Ұйымның мекенжайы

Телефон: _____

Күні: _____

Құжатты қабылдаушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

"Дамуында проблемалар
балалар мен жасөспірім
оңалту және әлеумет
бейімдеу" мемлекет
көрсетілетін қызме
қағидасына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.
17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан
(Көрсетілетін қызме
алушының тегі, аты, әк
аты (болған жағдайда
ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызме
алушының мекенжайы)

Білім беру ұйымының

атауы, мекенжайы

ТАӨ:

ЖСН:

Мекенжай:

Құжатты қабылдаудан бас тарту туралы ХАБАРЛАМА

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі
Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармақшасын басшылыққа ала
отырып, (Көрсетілетін қызметті беруші ұйымының атауы)

бас тарту себебі

байланысты мемлекеттік қызмет көрсету тізбесіне сәйкес мемлекеттік
қызметті көрсету (Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы) үшін құжаттар
қабылдаудан бас тартады.

Орынд.: Тегі, аты, әкесінің аты

Тел.:

Күні:

"Дамуында проблемалар
балалар мен жасөспірім
оңалту және әлеумет
бейімдеу" мемлекет
көрсетілетін қызме
қағидасына
4-қосымша

АНЫҚТАМА

20 ____ ж. " ____ " ____ туылған

(баланың Т.А.Ә.(болған жағдайда)

(ОО, ППТК атауы)

" ____ " ____ 20 ____ жылдан бастап " ____ " ____ 20 ____ жылға дейін шын мәнінде қатысқаны туралы беріледі.

(қызметті көрсету күні)

Қорытынды ____

Білім беру ұйымы басшысының Т.А.Ә. (болған жағдайда)

М.О.

"Дамуында проблемалар бар балалар мен жасөспірімдерге оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік қызметінің қызметіне қатысты қағидасына 4-1-қосымша

АНЫҚТАМА

Ескерту. Қағида 4-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 ____ жылы " ____ " ____ туған _____, (баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(аутизм орталығының атауы)

20 ____ жылғы " ____ " ____ бастап 20 ____ жылғы " ____ " ____ дейін келгені туралы берілді.

Қалыптасқан дағдыларды бекіту және үйде жаңа дағдыларды қалыптастыру үшін ұсыныстар

Білім беру ұйымы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
мөр орны

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
2020 жылғы 27 мамыр
№ 223 бұйрығына
3-қосымша

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы (бұдан әрі – Қағида)

1. Жалпы ережелер

1. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және оны қалыптастыру тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғым пайдаланылады:

1) проактивті қызмет-көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін мемлекеттік қызмет.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.

17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және/немесе "электрондық үкімет" www.egov.kz. веб-порталы арқылы жүгінеді.

Қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар,

сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер "Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы құжаттар топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттар топтамасын қабылдайды және көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді (еркін нысанда).

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінген кезде www.egov.kz көрсетілетін қызметті алушы "Білім беру" бөлімінде электрондық мемлекеттік қызметті таңдауды, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруды және құжаттар топтамасын бекітуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салуын өндеуді (тексеруді, тіркеуді) жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдау туралы хабарламаны жолдайды немесе электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындап порталдағы "жеке кабинетіне" жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

6. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің басшысы оқыту сыныбын, тілін анықтау үшін қарайды. Басшы құжаттарды қарағаннан кейін баланы үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін мамандарға береді.

7. Көрсетілетін қызметті беруші үйде жеке тегін оқуға қабылдау туралы бұйрықты қалыптастырады.

7-1. Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталда тіркеу кезінде проактивті тәсілмен көрсетілуі мүмкін және оның ішінде:

1) денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салумен көрсетілетін қызметті алушыға автоматты хабарламалар жіберуді;

2) көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан өзге де қажетті мәліметтерді, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы алуға құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушыдан жауапты күту мерзімі сұрау салуды алған сәттен бастап жиырма төрт сағатты құрайды.

Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингісінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарына көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

9. Көрсетілетін қызметті алушының орталық мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің, көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді тікелей көрсететін мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам шағымды берген көрсетілетін қызметті алушыға шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша нысанда (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) шағымды қарау мерзімін ұзарту себептерін көрсетіп ұзарту туралы хабарлайды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым әкімшілік органға, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға берілуі мүмкін.

Әкімшілік орган, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік актіні қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекетті жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.

17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тәсілмен оқытуды ұйымдастыру" қызметінің негізгі талаптарының тізбесі
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тәсілмен оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" көрсетілетін мемлекеттік қызметтің негізгі талаптарының тізбесі		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қолжеткізуарналары)	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары; "электронды үкіметтің" порталы: www.egov.kz ; www.egov.kz ; байланысының абоненттік қызметі
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі – 2 сағат; Құжаттар топтамасын тапсыру мерзімі рұқсат етілген ең ұзақ уақыт 15 минуттан аспайды. Көрсетілетін қызметті көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты (он бес) минуттан аспайды.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде/проактивті түрде
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: 1) құжаттарды қабылдау туралы ақпараттың нысаны; 2) бас тарту туралы дәлелді ақпарат; Порталда мемлекеттік қызметтің нәтижесі электрондық түрде көрсетілетін қызметті алушыға "қолжеткізу кабинетіне" жолданады және проактивті түрде мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесі үйде оқылуы

		үшін құжаттардың қабы хабарлама болып табылады.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет, проактивті түрде жеке көрсетіледі.
7.	Жұмыс кестесі	Қызмет беруші: Қазақстан еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндерін қоспағанда аралығында сағат 13.00-ден түскі үзіліспен сағат 09.00-ден Өтініш қабылдау және нәтижесін 13.00-ден 14.30-ға дейінгі таңда 09.00-ден 17.30-ға дейін алушыға ала жазылу және жедел қызмет көрсету көзделмеген. Порталда тіркелген ұялы байланыс құрылғысы арқылы – жөделі жүргізуге байланысты техниканы қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін алушы жұмыс уақыты аяқталмай демалыс және мереке күндерін қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасындағы мерзімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініштерді мемлекеттік көрсетілетін қызметті беру келесі жұмыс күні жеткізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің ресурсы; 2) www.egov.kz.
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қызмет алушыдан алынатын қажетті құжаттар тізбесі және мәліметтер	Көрсетілетін қызметті алушыдан қызметті берушіге жүгінгеннен кейін: 1) өтініш (еркін нысанда); 2) үйде оқыту бойынша үйде оқыту дәрігерлік-консультациялық қорытындысы. Көрсетілетін қызметті алушыдан көрсетілетін қызметті берушіге: 1) өтініш (еркін нысанда); 2) үйде оқыту бойынша үйде оқыту дәрігерлік-консультациялық қорытындысы. Көрсетілетін қызметті алушыдан ақпараттық жүйелерден құжаттарды талап етуге жол беріледі. Көрсетілген қызметті беруші

		қызметтерді көрсету кезінде жүйелердегі заңмен қорғалатын қатарына кіретін мәліметтерді көрсетілетін қызметтерді алғашқы егер Қазақстан Республикасының өзгеше көзделмесе, алады.
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алушы қызметті алушы ұсынған (немесе) ондағы деректердің дұрыс еместігі анықталған жағдайда; 2) көрсетілетін қызметті (немесе) ұсынылған объектілердің, деректер мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіздер мәліметтердің, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік қаулы-қарарларының талаптардың сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетілетін, "Дербес деректер жинақтары туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес берілетін деректер шектеулі дербес деректер болмауы бойынша қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіздер
10.	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы қызмет көрсету тәртібі және ақпаратты мемлекеттік мәселесі бойынша бірінші деңгейдегі орталығы, сонымен қатар тіркелген ұялы байланыс құрылғысы арқылы алу мүмкін. Көрсетілетін қызметті беру қызметті көрсету мәселесі ақпараттық қызметінің байланысы Министрліктің www.edu.kz ресурсында "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша Бірыңғай байланыс 080-7777, 1414. Көрсетілетін қызметті алушы жағдайда Мемлекеттік көрсету портал арқылы электрондық алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушы қызметті көрсету тәртібі мемлекеттік ақпаратты қашықтықтан қолдану порталдағы "жеке кабинет" қызметті берушінің анықталған соңдай-ақ 1414, 8-800-0

		байланыс орталығы арқылы бар. Порталдағы "жеке каби мәліметтер сұратылып с келісімі болған жағд порталдағы хабарламаға ж реттік парольді беру жолы мәтіндік хабарламаны субъектінің порталда байланыстың абоненттік үшінші тұлғалардың электр
--	--	--

"Бастауыш, негізгі орта
орта білім беру ұйым
денсаулығына байланыс
уақыт бойы бара алма
балаларды үйде жеке
оқытуды ұйымдастыр
құжаттар қабылда
мемлекеттік көрсеті
қызмет қағидасын
2-қосымша
Нысаны

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
немесе ұйымның атауы
көрсетілетін қызметті алушы) _____
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

[МО атауы]

Бас тарту туралы **ХАБАРЛАМА**

Құрметті: [Оқушының аты-жөні]

[Білім беру ұйымының атауы], [сынып, оқу тілі] оқуға қабылдау үшін
құжаттар **ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ**.

Себебі _____

Түсіндіру үшін қабылдау комиссиясына [білім беру ұйымының атауы]
хабарласуларыңызды сұраймыз

Мекенжай _____

"Бастауыш, негізгі орта,
орта білім беру ұйымда
денсаулығына байланыс
уақыт бойы бара алма
балаларды үйде жеке
оқытуды ұйымдастыру
құжаттар қабылдау
мемлекеттік көрсетіл
қызмет қағидасын
3-қосымша

[МО атауы]

Құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау туралы хабарлама

[білім беру ұйымының атауы]

Құрметті: [Оқушының аты-жөні]

Құжаттар [білім беру ұйымының атауы] қабылданды. Сіз [күні] № [бұйрық нөмірі] бұйрығына сәйкес [сынып, әдебиет, оқу тілі] қабылдандыңыз.

Сізден [мектеп атауы] баруыңызды сұраймыз _____

Мекенжай _____

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
2020 жылғы 27 мамыр
№ 223 бұйрығына
4-қосымша

"Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетудің қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.11.2022 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және оны қалыптастыру тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) проактивті көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет.

3. "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) арнайы білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2-Тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы: www.egov.kz.

Көрсетілетін қызмет процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны және нәтижесі енгізілген мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі

талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері ескерілген басқа мәліметтер осы Қағидалардағы 1-қосымшаға сәйкес "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау" жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет негізгі талаптарының тізбесінде берілген.

Құжаттар топтамасын көрсетілген қызметті беруші кеңсесі арқылы көрсетілген кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттар топтамасын қабылдайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат (еркін нысанда) береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес тізбесін және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды осы Қағидалардағы 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

5. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінген кезде www.egov.kz көрсетілетін қызметті алушы "Білім беру" бөлімінде электрондық мемлекеттік қызметті таңдауды, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруды және құжаттар топтамасын бекітуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салуын өңдеуді (тексеруді, тіркеуді) жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдау туралы хабарламаны не электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

6. Оқу жылы басталғаннан кейін арнайы білім беру ұйымына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негіз болып табылады.

7. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің басшысы оқыту сыныбын, тілін анықтау үшін қарайды. Басшы құжаттарды қарағаннан кейін баланы оқытуды ұйымдастыру үшін мамандарға береді.

8. Көрсетілетін қызметті беруші арнайы білім беру ұйымына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау туралы бұйрықты қалыптастырады.

9. Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингісінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.02.2025 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті берушінің бастамасымен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталында тіркей отырып, проактивті жолмен көрсетуге болады және оған:

1) көрсетілетін қызметті алушыға бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраным жасалған автоматты хабарлама жіберу;

2) проактивті қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының көмегімен көрсетілетін қызметті алушының келісімін алу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан басқа қажетті, оның ішінде шектеулі қолжетімді мәліметтерді алу енеді.

Көрсетілетін қызметті алушыдан жауапты күту мерзімі сұрау салуды алған сәттен бастап жиырма төрт сағатты құрайды.

3-Тарау. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарына көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін орталық мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

"Арнайы жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау" мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызмет қарастыратын заңның 1-қосымша

"Арнайы жалпы білім беретін оқыту бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын арнайы білім беру ұйымдарына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетудің қағидалары		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Арнайы білім беру ұйымдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	- арнайы білім беру ұйымдарының "арнайы білім беру" веб-порталы: www.egov.kz -те тіркелген ұйымдардың абоненттік құрылғысы арқылы
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	құжаттар топтамасын тапсыру мерзімі 1) арнайы білім беру ұйымдарының — күнтізбелік жылдың кешіктірмей, бірінші сыны

		жылдың 1 шілдесінен бастап аралығында; 2) көрсетілетін қызметті көрсетілетін қызметті бастап топтамасын тапсыруы үшін өтініш етілген ең ұзақ уақыты 15 минут; 3) көрсетілетін қызметті көрсетудің рұқсат етілген сәттен минуттан аспайды.
4	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны	Электрондық (ішінара автотүрде) және қағаз/проактивті түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: 1) құжаттарды қабылдау туралы (түрде); 2) арнаулы білім беру ұйымы туралы бұйрық. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну түрі: электрондық (немесе) қағаз түрінде. Порталда қызметті көрсету нәтижесі зерттелген нысанында көрсетілетін қызметті "жеке кабинетінде" жасақталады.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғалар қатар проактивті түрде тегін
7	Жұмыс кестесі	Қызмет беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек мерекелік күндерін қоспағанда жұмыс аралығында сағат 13.00-ден түскі үзіліспен сағат 09.00-ден Өтініш қабылдау және нәтижесін 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түрде 09.00-ден 17.30-ға дейін алуға ала жазылу және жеделдетілген қарастырылмаған. Порталда тіркелген ұялы байланыс құрылғысы арқылы жұмыс жүргізу техникалық үзілістерді қоспа (көрсетілетін қызметті алу аяқталғаннан кейін, демалыс күндері өтініш жасаған жағдайда Республикасының еңбек заңнамасына "Қазақстан Республикасының Конституциясы" Қазақстан Республикасының бабына сәйкес өтініштер мемлекеттік көрсетілетін қызмет беру келесі жұмыс күні жасақталады Мемлекеттік қызмет көрсету

		мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті беру ресурсында; 2) www.egov.kz порталында
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қызмет алушыдан алынатын қажетті құжаттар тізбесі және мәліметтер	Көрсетілетін қызметті алушы қызметті берушіге жүгінген кезде: 1) көрсетілетін қызметті алушының немесе өзге де заңды тұлғаның арнаулы білім беру ұйымының білім беру өтініші (еркін түрде). 2) психологиялық педагогикалық қорытындысы. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде: 1) көрсетілетін қызметті алушының немесе өзге заңды тұлғаның білім беру ұйымына қабылдау өтініші (еркін түрде)); 2) психологиялық педагогикалық қорытындысы. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелердегі зиянды болатын құжаттарды табуға берілмейді. Көрсетілген мемлекеттік қызметтерді алушылардың ақпараттық жүйелердегі зиянды құпиялардың қатарына кірмей, пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін, Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделмесе, алады.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алушы қызметті алушы ұсынған қызметті (немесе) ондағы деректердің дұрыс еместігі анықталған жағдайда; 2) көрсетілетін қызметті алушы (немесе) ұсынылған объектілердің, деректер объектілерінің мемлекеттік қызметтерді көрсету мақсатындағы мәліметтердің, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен талаптардың сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетушіге етілетін, "Дербес деректер жасау туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілетін деректер шектеулі дербес деректер болмауы бойынша қызметтерді көрсетуден бас тарту.

10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының қызмет көрсету тәртібі және ақпаратты мемлекеттік мәселесі бойынша бірлесіп алу орталығы арқылы алу Көрсетілетін қызметті берушінің қызметті көрсету мәселесі бойынша ақпараттық қызметінің байланысы Министрліктің www.edu.kz ресурсында "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі бойынша Бірыңғай байланыс орталығының 080-7777, 1414. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Көрсетілетін қызметті алушының электрондық нысанда алуы Көрсетілетін қызметті алушының қызметті көрсету тәртібі мен ақпаратты қашықтықтан алу режимінде порталдағы көрсетілетін қызметті берушінің қызметтері, сондай-ақ "1414 Бірыңғай байланыс орталығы" мүмкіндігі бар. Порталдағы ұсынылған мәліметтер сұрастыру тұлғаның келісімі болған жағдайда порталдағы хабарламаға жеткізетін реттік парольді беру жолы мәтіндік хабарламаны субъектінің порталда байланыстың абоненттік үшінші тұлғалардың электрондық "Арнайы жалпы білім беру оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қанша 2-қосымша Нысаны (Тегі, аты, әкесінің аты) (болған кезде) немесе ұйымның атауы көрсетілетін қызметті алушының мекен-жайы (көрсетілетін қызметті алушының мекен-жайы)
----	---	--

_____ [МО атауы]

Бас тарту туралы ХАБАРЛАМА

Құрметті: [Оқушының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)]

[Білім беру ұйымының атауы], [сынып, оқу тілі] оқуға қабылдау үшін
құжаттар ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ.

Себебі _____

Түсіндіру үшін қабылдау комиссиясына [білім беру ұйымының атауы]
хабарласуларыңызды сұраймыз

Мекенжай _____

"Арнайы жалпы білім беру
оқу бағдарламалары бойынша
оқыту үшін мүмкіндік
шектеулі балалардың
құжаттарын қабылдау
және арнайы білім беру
ұйымдарына
(арнайы топтар/сыныптар)
қабылдау" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет қағида
3-қосымша

_____ [МО атауы]

Құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау туралы хабарлама

[білім беру ұйымының атауы]

Құрметті: [Оқушының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)]

Құжаттар [білім беру ұйымының атауы] қабылданды. Сіз [күні] № [бұйрық
нөмірі] бұйрығына сәйкес [сынып, әдебиет, оқу тілі] қабылдандыңыз.

Сізден [мектеп атауы] баруыңызды сұраймыз _____

Мекенжай _____

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
2020 жылғы 27 мамыр
№ 223 бұйрығына
5-қосымша

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің күші жойылатын кейбір
бұйрықтарының тізімі**

1. "Арнайы білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар
көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі
№ 174 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық
актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11047 тіркелген, Қазақстан
Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық
жүйесінде 2015 жылғы 22 мамырда жарияланған).

2. "Арнайы білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 174 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қыркүйектегі № 462 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 125325 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2018 жылғы 25 қазанда жарияланған).

3. "Кемтар балаларға арнаулы түзеу ұйымдары мен басқа да ұйымдарға медициналық, арнаулы білім және арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуы үшін жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 120 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 113285 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2017 жылғы 17 шілдеде жарияланған).